КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 19 желтоқсан №7119-24-00-2/14698 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Э.Е.Хасанова,
сот отырысының хатшысы А.А.Базарбаева,
ашық сот отырысында аудио-, бейнетіркеуді және ұялы байланыс техникалық құралдарын қолданып, электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласының әкімдігінің "Астана қаласының Спорттық медициналық орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Айдана» атаулы Зикирова Айдана Женисбекқызы дара кәсіпкер
«Garant KZ» атаулы Аршина Нина Георгиевна дара кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Рашитова Б.
Талап қоюшының өкілі Тусубаева А.Ж.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 11 қыркүйекте Астана қаласының әкімдігінің "Астана қаласының Спорттық медициналық орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі - Тапсырыс беруші) мен «Garant KZ» атаулы Аршина Нина Георгиевна дара кәсіпкердің (бұдан әрі - Өнім беруші 1) арасында тауарды (2 дана физиотерапиялық аппарат) мемлекеттік сатып алу туралы №33 шарт жасалды.

Шарттың жалпы сомасы 1 176 246 теңге.

Жеткізу мерзімі 15 күнтізбелік күн, яғни 2024 жылғы 26 қыркүйекке дейін.

Документ подписан: Хасанова Э. Е., 19.12.2024
Дата вступления в законную силу: 22.01.2025, судья Хасанова Э. Е., 29.01.2025
7119-24-3-1/14071

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Тауар толығымен жеткізілді, бұл тауарларды № 240034/00/5 қабылдап алу актісімен расталады.

2024 жылғы 10 қыркүйекте Астана қаласының әкімдігінің "Астана қаласының Спорттық медициналық орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі - Тапсырыс беруші) мен «Айдана» атаулы Зикирова Айдана Женисбекқызы дара кәсіпкердің (бұдан әрі - Өнім беруші 2) арасында тауарды (13 дана құрал саймандар) мемлекеттік сатып алу туралы №31 шарт жасалды.

Шарттың жалпы сомасы 3 304 000 теңге.

Жеткізу мерзімі 15 күнтізбелік күн, яғни 2024 жылғы 25 қыркүйекке дейін.

2024 жылғы 10 қазанда өнім беруші тауарларды жалпы сомасы 1 247 500 теңгеге жеткізді, бұл №240031/00/3 актісімен расталады.

Тауар толығымен жеткізілген жоқ.

2024 жылғы 21 қарашада шарт біржақты бұзылды.

Талап қоюшы шарттарды орындамағаны үшін жуапкерлерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және «Айдана» дара кәсіпкерден 137 989 теңге көлемінде және «Garant KZ» дара кәсіпкерден 52 922 теңгеге көлемінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алуды сұрады.

Жауапкерлерден жазбаша пікір түспеді.

Сот отырысында талап қоюшы талап қоюды толығымен қуаттап, соттан қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкерлер тиісті түрде сот отырыстарының уақыты мен орны туралы хабарлана отырып, сот отырысына қатысқан жоқ, істі өздерінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырыстарын кейінге қалдыру туралы өтініштер сотқа жолданған жоқ, сот отырыстарына қатыспауына дәлелді себептері жоқ.

Сот, Азаматтық процестік Кодексінің (әрі қарай - АПК) 196-бабы 4-тармағына сәйкес, істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

Прокурор талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына (одан әрі-АК) сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-бөлігінің 3-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Документ подписан: Хасанова Э. Е., 19.12.2024

Дата вступления в законную силу: 22.01.2025, судья Хасанова Э. Е., 29.01.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарттың 3.1-тармағына сай өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Шарттың 7.3-тармағында тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс деп көрсетілген.

Сот отырысында анықталғандай, шартта көрсетілген мерзімде жауапкер «Айдана» атаулы Зикирова Айдана Женисбекқызы дара кәсіпкер тауарларды толық көлемде талап қоюшыға жеткізбеген.

Осыған байланысты тараптар арасында 2024 жылғы 21 қарашада аталған шарт біржақты бұзылған.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы бойынша тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты электрондық түрде жазбаша нысанда жасалынады, конкурстық құжаттамада тауадың функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану мінездемесін сипаттайды. Электрондық азаматтық іске тіркелген дәлелдемелерге сай, жауапкер шартқа қол қойғанға дейін тауардың сипаттамасымен танысып, көрсетілген мерзімде жеткізуге міндеттеме алған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 152-бап 1-1-тармағына сай мәміленің жазбаша нысаны қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда жасалады.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтар №370-II «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңының 7-баының 1 және 2-тармақтарына сай осы Заңның талаптарына сәйкес келетін және оған қол қоюға өкілеттігі бар адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық құжат қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен бірдей. Электрондық құжат оны телекоммуникациялар желісі арқылы берген кезден бастап жіберілген болып есептеледі.

Жауапкердің «Айдана» атаулы Зикирова Айдана Женисбекқызы дара кәсіпкер бұл кінәлі әрекеті, онда шарттың орындалмағаны тапсырыс берушіге жағымсыз салдар туғызып отыр.

Істің мұндай жағдайында, «Айдана» атаулы Зикирова Айдана Женисбекқызы дара кәсіпкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу талап қоюы қанағаттандырылуға жатады.

Екінші жауапкер «Garant KZ» атаулы Аршина Нина Георгиевна дара кәсіпкерді талап қоюшы аталмыш міндетін уақытында орындамауы себепті,

Документ подписан: Хасанова Э. Е., 19.12.2024

Дата вступления в законную силу: 22.01.2025, судья Хасанова Э. Е., 29.01.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тапсырыс беруші соттан оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрайды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот шарттың елеулі ережелерін реттейтін Заңның нормаларын басшылыққа алады.

Іс құжаттарынан өнім берушінің шарттың талаптарын бұзғаны дәлелденеді, бірақ қазіргі уақытта оны толық орындаған. Шарттың мерзімінінен кешіктіріп орындалуынан тапсырыс беруші үшін кері әсер келтірілмеген, жеткізілген тауар бойынша шағым жоқ және шарт біржақты түрде бұзылмаған.

Сот жоғарыдағы мән-жайларды ескеріп, әділдік пен парасаттылық өлшемдерін негізге ала отырып, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану талап қоюын қанағаттандырусыз қалдыру қажет деген қорытындыға келеді.

Сонымен қатар, сот есептелген тұрақсыздық айыбын тексеріп оны дұрыс деп шешті, яғни талап қоюшының шарттың 7.3 тармағына сай мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде 52 922 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Сот шығындары Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 109 бабына сай тараптарға бөлінді.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласының әкімдігінің "Астана қаласының Спорттық медициналық орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының «Айдана» атаулы Зикирова Айдана Женисбекқызы дара кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Документ подписан: Хасанова Э. Е., 19.12.2024

Дата вступления в законную силу: 22.01.2025, судья Хасанова Э. Е., 29.01.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер «Айдана» атаулы Зикирова Айдана Женисбекқызы дара кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Айдана» атаулы Зикирова Айдана Женисбекқызы дара кәсіпкерден Астана қаласының әкімдігінің "Астана қаласының Спорттық медициналық орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының пайдасына 137 989 (бір жүз отыз жеті мың тоғыз жүз сексен тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы және 4 140 (төрт мың жүз қырық) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Айдана» атаулы Зикирова Айдана Женисбекқызы дара кәсіпкер мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Талап қоюшы Астана қаласының әкімдігінің "Астана қаласының Спорттық медициналық орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының «Garant KZ» атаулы Аршина Нина Георгиевна дара кәсіпкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

«Garant KZ» атаулы Аршина Нина Георгиевна дара кәсіпкерден Астана қаласының әкімдігінің "Астана қаласының Спорттық медициналық орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының пайдасына 52 922 (елу екі мың тоғыз жүз жиырма екі) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 588 (бір мың бес жүз сексен сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшы Астана қаласының әкімдігінің "Астана қаласының Спорттық медициналық орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының «Garant KZ» атаулы Аршина Нина Георгиевна дара кәсіпкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану талап қоюы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат беруі мүмкін.

Судья Э.Е. Хасанова

Документ подписан: Хасанова Э. Е., 19.12.2024

Дата вступления в законную силу: 22.01.2025, судья Хасанова Э. Е., 29.01.2025